

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы «12» мамырдағы
№ 288 бұйрығына
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
қарамағындағы Қазақстан Республикасы
жоғары оқу орындары ректорларының кеңесі туралы
ЕРЕЖЕ**

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қарамағындағы Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының ректорлар кеңесінің (бұдан әрі - Кеңес) заңды мәртебесін реттейді және оған жүктелген міндеттерді іске асыру тәртібін айқындайды.

1. Кеңес тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады, оның жеке құрамы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің (бұдан әрі - Министр) бұйрығымен бекітіледі.

2. Кеңес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді дамыту мәселелері бойынша ЖОО-лардың қызметін үйлестіру, оқу процесін, ғылыми жұмысты, ғылыми-педагогикалық кадрлардың және басқа да қызметкерлердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру бойынша оң тәжірибені жалпылау және тарату, жоғары білім беру жүйесін жетілдіру, елімізді білікті мамандармен қамтамасыз ету, сондай-ақ ЖОО ұжымдарын әлеуметтік қолдау мен мүшелерін қорғау мақсатында құрылады.

3. Кеңес қызметінің негізгі бағыттары:

1) оқу процесін одан әрі жетілдіруге, ғылымды дамытуға және материалдық-техникалық базаны жақсартуға бағытталған жоғары білімнің жалпы тәсілдері мен саясатын айқындау үшін ұсынымдар жасау;

2) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласында нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу;

3) экономиканың қажеттіліктерін, еңбек ресурстарының болуын және Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында мамандықтарды және дайындық бағыттарын ұтымды орналастыруды ескеріп, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді дамыту бойынша ұсыныстарды әзірлеу;

4) студенттер мен ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің академиялық ұтқырлығына жәрдемдесу, мамандарды даярлау, қайта даярлау мен біліктілігін арттыру және ғылыми зерттеулер саласында жоғары оқу орындар мен ғылыми мекемелерді біріктіруді дамыту;

5) студенттердің практикалық дайындығы, ЖОО түлектерін жұмыспен қамту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы ЖОО-ларының коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдармен байланыстарын нығайту;

б)кәсіптік бағдарлану және дарынды жастармен жұмыс жасау бойынша ЖОО-лардың қызметін үйлестіру;

7)ЖОО-лардың дамуы, студенттердің, магистранттардың, докторанттардың, тыңдаушылардың, оқытушылардың және ЖОО-лардың басқа қызметкерлерінің әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту бойынша іс-шаралар мен ұсыныстарды әзірлеу;

8)жоғары оқу орындарының тікелей халықаралық байланыстарын күшейту мен дамуына жәрдемдесу;

9)Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мәселелеріне қатысты нормативтік актілердің жобаларына сараптама жасау;

10)салалық академиялармен, жоғары оқу орындарының қауымдастықтарымен, жұмыс берушілер қауымдастығымен, кәсіптік одақтармен, қорлармен өзара әрекеттесу;

11)жоғары оқу орындарының ректорлары мен басшы қызметкерлерінің басқа да санаттарының әлеуметтік мәртебесін арттыруға жәрдемдесу;

12) жоғары мектеп қызметінің мәселелері бойынша мекемелерге, кәсіпорындарға, ұйымдарға және азаматтарға консультациялық және ақпараттық қызмет көрсету болып табылады.

4. Кеңестің құрамы өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілерді және ректорлар кеңесі жұмысының бағытын, оның өкілеттіліктерін және құрылымын айқындайтын осы Ережені негізге алады.

5.Кеңес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен 3 жыл мерзімге бекітіледі (жойылады).

6.Кеңестің құрамына лауазым бойынша Қазақстан Республикасы ЖОО-ларының ректорлары кіреді.

7.Кеңес өз отырыстарын қажеттілік туындаған кезде өткізеді, бірақ тоқсан ішінде бір реттен кем емес. Кеңестің шешімі қатысушылардың көпшілік дауыс беруімен қабылданады. Кеңес отырысы оның мүшелерінің кемінде 2/3-сі қатысқан жағдайда құқылы.

8.Кеңестің жұмысын төраға басқарады, ал ол болмаған кезде – ЖОО-лардың жұмыс істеп жатқан ректорлары арасынан сайланған төраға орынбасары. Кеңес төрағасының өкілеттігін доғаруы кезінде (өз еркімен, атқарып отырған қызметінен босатылуы кезінде, жоғары оқу орындарының ректоры ретінде еңбек келісімшарт мерзімінің аяқталуы кезінде) төрағаны тағайындау рәсімін өткізгенге дейін төрағаның міндеті Кеңес төрағасының орынбасарына жүктіледі. Кеңес төрағасы және оның орынбасары атқарып отырған қызметінен Кеңес отырысында Кеңес мүшелерінің кемінде 2/3-сі қатысқан жағдайда көпшілік дауыс беру арқылы босатылуы мүмкін.

Кеңес төрағасының кандидатурасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітіледі.

Кеңес төрағасының орынбасары және хатшының кандидатураларын бекіту үшін Кеңестің отырысында Кеңес төрағасы енгізеді.

9. Кеңес төрағасы мынадай құзыреттерге ие:

1) Кеңестің жұмысын жоспарлауын жүзеге асырады, Кеңес отырыстарының күн тәртібін дайындайды;

2) Кеңестің мүдделері мен ұстанымын білдіреді;

3) Кеңес атынан Кеңес отырыстарында қарастырылған және оң шешім қабылданған құжаттарға қол қою құқығы бар;

4) Кеңестің кезекті отырыстарын өткізу мерзімдерін бекітеді;

5) Кеңестің кезектен тыс отырыстарын шақыру туралы шешім қабылдайды.

10. Кеңестің қызметін ректоры Кеңестің төрағасы болып табылатын ЖОО қамтамасыз етеді.

11. Кеңес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жыл сайын ағымдағы жылғы 1 шілдеге дейін өз жұмысы жөнінде ақпарат береді.

12. Кеңестің заңды мекенжайы ректоры Кеңес төрағасы болып табылатын ЖОО-ның мекенжайы болады.
